

КМҚК №33 «Көркемай» бөбекжай – бақшасы

Тақырыбы: «Асық ойындары.Ғажайып қоржын»

Өткізген асық маманы: Сундетова С.

2022 оқу жылы

Бекітемін _____

Тақырыбы: «Асық ойындары.Ғажайып қоржын»

Мақсаты:Балаларға асық туралы мәлімет беру.Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға ,дыбыстарды дұрыс айта білуге тәрбиелеу.Сөздің дыбыстық құрамына талдау жасауға үйрету.

Дамытушылық: Жұмыс барысында балалардың ой-өрісін дамыту.Асыққа деген сүйіспеншілігін арттыру,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекілік құралдар: Асық түрлері демонстрациялықматериалдар,үй жануарлары бейнеленген парақшалар, слайд-призентация.

Жүру барысы:

Ұйымдастырылған оқу қызметі:

-Сәлеметсіңдер ме балалар! Балалармен сәлемдесіп,шаттық шеңберіне жиналу.

-Шаттық шеңбер:

-(көңілді асық әнін айтады)

1 ойын: «Кім зейінді?»

Мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.Балалардың байқағыштық қасиеттерін дамыту.

Ойын шарты:Балаларға суретті парақшалар беріледі.Суретке қарап балалар дыбыстық талдау жасайды.Дауысты дыбысты қызылмен,дауыссыз дыбысты көкпен белгілеп,дыбыстарды жекелей атайды.

Керекті құралдар:Суреттер мен қызыл және көк асықтар

2 ойын: «Сөз ойла да тез ойла »

Мақсаты: Берілген әріпке сөз ойлап табады.Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту.Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.

Ойын шарты: Қоржыннан әр бала бір асықтан суырады.Қандай әріп түссе соған байланысты сөз ойлап, тез жауап беру керек.Тәрбиеші бала қанша сөз ойлап тапса,қоржынға сонша асық салып отырады.Соңында ұпай саны есептелінеді.Қай топтың асығы көп болса, сол топ жеңіске жетеді.

Керекті құралдар:Әріп жазылған асықтар, екі қоржын

--Сергіту сәті: «Алтын сақа» ойыны

Епті болсаң,қане байқа,

Асық ойнап алтын сақа.

Мықты болсаң, ұтқаның,

Жеңімпаз болып шыққаның...

(Көңілді әуен жіберіледі)

Қорытынды: Балалар бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма? Бүгін біз қандай ойындар ойнадық?

Балалардың жауабы.

Балаларды мадақтау.